



Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ 1977 жылы Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Сарысу ауылында дүниеге келген.

1999 жылы Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған Университетінің филология факультетін тәмамдаған. Аймақтық ақындар мүшәйрасының бірнеше дүркін бас жүзделері. Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған облыстық мүшәйраның және Б.Мамышевтың 100 жылдығына арналған Республикалық ақындар мүшәйрасының жеңімпазы. Өлеңдері бірнеше ұжымдық жинақтарда жарық көрген.

1999 жылдан бастап Сәтбаев қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №19 орта мектепте мұғалім болып еңбек етеді.



МҰҢАЙМА, МЕНІҢ АҚҚУЫМ...

Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ



Дәуренбек
БҰЛАНБАЕВ

МҰҢАЙМА, МЕНІҢ АҚҚУЫМ...



Жыр жинағы

Әлкетемнің
бөлімшесі Бұлман,
Құмаз апалары ма
інілері Дәуренбек

4.11.2012 жыл

Д.Б.

Бұл алғашқы жыр жинағымды асқар таудай ардақты әкем Дәнеке Бұланбайұлының, мейірімін емізіп өсірген аяулы анам Рахия Әбейқызының асыл бейнелеріне ескерткіш еттім.

Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

Мұңайма, менің аққуым...

Жыр жинағы

Ө.Б.



2012

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
Б 89

Б 89 Бұланбаев Д. Мұнайма, менің аққуым...:
Жыр жинағы/Дәуренбек Бұланбаев. -
Қарағанды: «АРКО» ЖШС, 2012. – 104 бет.

ISBN 978-601-204-122-4

“Мұнайма, менің аққуым...”- ақын Дәуренбек Бұланбаевтың тұңғыш жыр жинағы. Өлең өлкесіне өзіндік үнімен келген ақын жырлары адамгершілік болмыс, ізгілікке іңкәрлік жайлы сыр шертеді.

Жастыққа тән жалын, махаббат, ұлт рухы көркем кестеленген ақын жырлары оқырман жүрегінен орын табары сөзсіз.

Жинақ көпшілікке арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-204-122-4

© Дәуренбек Бұланбаев,
2012



БІР АҚЫН ЖҰР...

*Іргесін шұрық-тесік қып тастаған
шахталары бар, қара жер қойнынан көк
тасты қопарып алып жатқан кеншілері бар,
қонысы құмырсқа илеуіндей мегаполистерден
жырақ орналасқан Сәтбаев деген қалада
бір ақын жүріп жатыр. Есімі – Дәуренбек
Бұланбаев. «Ақынмын» деп алып-жұлып бара
жатқандардан болмысы бөлек. Мектепте
мұғалім болып қызмет етеді. Шаруасына
мығым, жұмыста абыройлы, момақан
жігіт. Ашылып сыр айта қоймайды, бірақ
іші, жан сарайы мың бояулы. Ортасынан
оңашаланғанды жаны қалай ма, әлде туа-
бітті салмақты мінезінен шылбыр үзіп шыға
алмай ма, белгісіз, Дәуренбектің жаратылысы
осындай дегенді сырт көзбен тап басып таба
алмайсыз. Құпиясы тереңде. Бір білсеңіз
өлеңдерін оқып қана: «Е-е, Дәуренбек мынадай
жігіт екен ғой», - дейсіз. Жұрт оның осы мінезін
ұнатады. Құпиясы болмаған жанда құн бола
ма, қаудырлаған қаңылтыр сияқты мінездерден
жұрт ығыр болғалы қашан?*

*Иә, астана жұртынан аулақта бір ақын
жұр. Оның да жаны - әлем-тапырық, ала құйын.*

*Тоңмойындар таптап кеуде-көшемді,
Ақ сезімнің ақбөкені неше өлді?!
Қаламыннан ұлып сосын...көк бөрі,
Түннен алам, күнге кеткен есемді.*



Ақын боп жаратылғандардың бастан кешетін тауқыметінен бұл да тыс қалмаған. Кезінде Абайдың басына тиген қамшының бір сілтеуі кем болған-ау, сілтеуі жетпеген сол қамшы Абай көшіне ергендердің жсон арқасында ойнап келеді әлі күнге. Кеуде-көшесін таптап келе жатқан тоңмойындардың қылығы ақынның жанын жегідей жейді. Әлдебір дерт жанын сыздатады, сосын алтыс екі тамырын қуалай жүгірген әлгі жегідей дерт жүрегін қарып барып, көмейіне кептетіліп тұрып алады. Ыза!

Әділет іздеп барған жерінде әпербақан билік құрып отырса, адалдықтың ауылы осы-ау деп барған жерінен ақыл айтып отырған алаяқты көрсе, «ақ сәулелерге толы жарық күннің кереметін айтайынышы» деп барған адамдары ақша санап отырса, ақын өртенбей қайтсін, ызаланбай қайтсін?! Сосын ұраны жалған, ұстанымы бөлек «тоңмойындар» қоғамының тірлігіне кектене қарайды. Жиіркенеді, айтып-айтып тастағысы келеді. Айтып-айтып тастайды да. Онысы көпке ұнамайды. Бұл түгілі Абайдың айғайының жартасқа барып маңдайын ұрғаны есіне түседі. Сонан соң «Болмайды екен-ау» деп көптен қайтқан көңілдің кірпігінен өкініш тамшысы үзіліп түседі. Өлең – осы.

Ұясына жаймен батып, сырғып күн,
Түнек келсе,
Қуанады кіл «мықтың».

...Кесір-әлем қалай ғана сыйып тұр,
Жатырына,

жарты күндік тірліктің?!

Аңы сөз, бірақ өз ақиқатын айтқан.
Жауабын табу қиын сауал. Талайдың санасын
сансыратқан сауал.

Өзектегі өртім ең, жанып тұрар,
Өлең, өлең!

Ұстатпай зарықтырар.

... Бір көбелек отқа кеп түсіп кетті,

Бар айыбы байғұстың – жарыққұмар...

Көзін шел басқан қоғамда ақынның да жарыққа ұмтылам деп жанып кететіні рас. Көбелек байғұс сияқты. Бар айыбы - жарыққа құмартқаны. Осындайда «Тым адал болма, тым ақылды болма, жүрегіңе салмақ артып қайтесің» деген дананың сөзі еске түседі. Айналасынан ақтарылып сыр айтар жан таппаған соң:

Жалғыз өзі жылдар бойы күн кешкен,
Робинзонның өміріне қызықтым!

...Көкте болар мен іздеген көп арман,

Ғарыш жақты аңсадым...,- дейді ақын жігіт. Тегінде, жан әлемі қайшылықтар алаңына айналған, Дәуренбектің өзі айтқандай, «Таңдайымда-тағдырымның кермегі, Маңдайымда-мұңды күннің өрнегі» бар дейтін жандар үшін Жалғыздық пен Үнсіздіктің айтары көп болады. Ақын Дәуренбек жер қайысқан қалың



топты көзге ілмей отырған жоқ, топ ішіндегі жақсыларды көрмей жүрген жоқ, оның іздегені – басқа КЕҢІСТІК. Ол Кеңістік Робинзонның жалғыздығы және ғарыштың үнсіздігімен өлшенеді. Тілін тапсаң, осы екеуінен артық сырлас та жоқ. Айтқаныңды тыңдайды, айтары да көп.

Біз Дәуренбектің шығармашылығын қылға тізіп, талдауды қажет деп таппадық. Қандай ақын, айтамын дегені не, оны оқырман өзінен естісін. Өзі деп отырғанымыз - Өлеңі. Ауыздан шыққанға сене бермейтін ақылды оқырман ӨЛЕҢГЕ сенеді, өйткені өлең - жүректің дауысы.

Сары даланың шетін бүйірлей барып қоныс тепкен қалада бір ақын жүр. Есімі – Дәуренбек. Мақсаты мынау:

Өсиет қылып өртіңе өртенбегімді,
Жария қылдым, абыз-жыр,
дерт емгенімді.

Айдыңға шықтым аққулы,
агажан кешкен,

Жагадан ескен жел кернеп желкендерімді.
Жолың болсын, Дәуренбек.

Ғазиз Ештанаев, ақын,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.



Бірінші бөлім

Құйымын көктем рахман-нұр...





Обалын ойлап өлеңнің...

*Судың сұрауы болса-
өлеңнің обалы бар...*



С.Мәуленов.

Өсиет қылып өртіңе өртенбегімді,
Жария қылдым, абыз-жыр, дерт емгенімді.
Айдынға шықтым аққулы, ағажан кешкен,
Жағадан ескен жел кернеп желкендерімді.

...Тұрлаусыз таққа міндің де сұмдықтың қанын
тамсана таттың.

Осымен кімді ұттың, жаным?
Шағалалардың шерменде көз жасы көмген,
толқыннан көрдім бір тамшы
шындықтың қанын.

Тағдырдың талай тасына тосып маңдайын,
Жапырағынан ащы жас жосыған қайың.
... Қоғамын мойнақ қылатын қарабет сөзден,
Обалын ойлап өлеңнің шошынам дәйім...





*Жүрсінегі,
күрең түсті көлеңкелі...*

Таңдайымда- тағдырымның кермегі,
Маңдайымда-мұңды күннің өрнегі.
Тепеңдейді тауқыметтің құласы,
Маған жетпес «аста-төктің» құлашы.
...Жаратқаным!
Тобықтай сөз расы-
Көп пе еді, әлде, бұл пендеңнің күнәсі?..

Емін іздеп, есімді алған жараның,
Иығыма жүгін арттым наланың.
...Қаламына қанат біткен қарағым,
Неге үрке қарадың?

Жаңғырық...
Жаңғырықтан жаным қалды мәңгіріп.
Сырлы сезім,
танытатын сан қылық,
Қайда кеттің, қаңғырып...

Тоңмойындар таптап кеуде-көшемді,
Ақ сезімнің ақбөкені неше өлді?!
Қаламыннан ұлып сосын...көк бөрі,
Түннен алам, күнге кеткен есемді.





Көңілімнің қыл ішегі-мың бұрау,
Қобыз-кеудем күй тартады мұндылау.
Тапаншаңды кезеп тұрсың, тағдырым,
Не тілейсің, құрғыр-ау?..

Ұясына жаймен батып, сырғып күн,
Түнек келсе-
Қуанады кіл «мықтың».
...Кесір-әлем қалай ғана сыйып тұр,
Жатырына,
жарты күндік тірліктің?!

Жұматайға* серік болсын.
Мен ертең
Ғарыш жаққа жүрегімді жөнелтем.
...Тірлігімнен түйір тәтті таба алмай
Күрсінеді, күрең түсті көлеңкем...



* Жұматай - ақын Жұматай Жақыпбаев



*Неге келдім өмірге...
немесе шетелге сатылған
баланың иіңі*

Неге келдім өмірге,
Неге тудым...
Білмедім.
Сұрқай сауал-көңілде,
Сырымды ұғар кім менің?

Мен әкемді көрмедім,
Танымаймын анамды.
Тыраштандым - өлмелі ұл,
Қайғы улады санамды.

Сокса тағдыр бұрқағы,
Мұңым қалай жоқ дейін.
Көк бөрінің ұрпағы –
Құным менің – көк тиын!

Өрге тартып ой мені,
Бабам деуші ем - Өр Түрік.
Бөлтірік ем, қойды елім
Тірідейін өлтіріп.

Аласардым, аһ ұрып,
Мейір жетпей – сырқатпын.
Мен болайын – ақыры,
Сатылатын ұрпақтың.



Алмаса екен қазағым,
Тексіздікті індет қып.
...Қасыңызда – мазак ұл,
Мистер-әке, жүр, кеттік!..



* * *

Құсайын деймін,
Құса алмай жүрмін,
Өксікпен бітеу өңешім.
Іштегі шемен, құсадай жырдың,
Шайқалттым ба, әлде, кемесін...



Түңіліп...
Сосын түндерге талай,
Шерімді төккем, шерімді.
Күйік болдым ба, кімдерге, қалай,
Жерінді, менен жерінді.

Көз ілсем түнде құралай көрем,
Жанары толған жас, білем.
Сағынышымды сұрамай менен,
Қырын тұр мендік...
Баска әлем.

Құралай-өлең,
Құламай келем,
Өртіме ем-сенің салқының.
Сағынышымды сұрамай менен,
Астына алма талқының.

Қара өлең отын жандырғандарға,
Қарадай жүрем асыға.
...Қаңғалақтаған қаңғырған қарға,
Қонғанын қара қасыма...







*Қара қағаз
немесе поштабай баланың зары*

Мына мен-жалақ ерін қара бала,
Көңіліне ұялаған нала ғана.
Келемін көк есекті тепендетіп,
Зарымды айтып көкке, далаға да.

Ауылым-Қарадырдың жазығында,
Жүректің айналып жүр сазы мұңға.
Көп болды бүтін бешпет кимегелі,
Ашқұрсақ тірлігімнен қажыдым да...

Майданнан хат келсе егер отбасыға,
Алғысын маған айтқан-пошташыға.
Ал бүгін қара қағаз-қоржынымда,
Сеземін, таяу тұрмын шоқ басуға.
Шоқ басуға,
бір ерді жоқтасуға.

Қуыс кеудем қалғандай қаңырап тым,
Ауданнан шыға жылап, аңыраппын.
Қара қағаз-қазасы есіл ердің,
Қара қағаз-қайғысы шаңырақтың.





Қара қағаз, қара жол, қара бала,
Түсетін түс көзіме-қара ғана.
Қараша ауыл,
Қуаныш-несібенді,
Қасқыр-уақыт кеткендей талап ала.

Қара қағаз-жесірлік, жетімдігің,
Қасіреттен қабарған бетім бүгін.
Қараадырдың қайғысын көрмеу үшін,
Еңкейеді еңіске екінді күн.

Суалтқан әлемдегі ән тұмасын,
Қайғыға қалай ғана жан шыдасын?
Жібермесін қаскөйді, жауыздарды,
Сорғалаған көзімнен тамшы жасым!..







Қара өлеңім, құлдығым...

Пайдасына жарамаған пұлдының,
Қара өлеңім!
Айналайын, құлдығым.
Музам менің онаша отыр мұнайып,
Ал, мен болсам күйін кештім жындының.

Жырмен жамар жүрегінің жыртығын,
Ұл едім ғой,
Сөзін сөйлер ұлтының.
Қойынымда қылымсыған сайқалдай,
Мойыныма қамыт болды-ау құлқыным...

Қүдіретке толып тұрған құшағы,
Өмір қашан бауырына қысады?!
Құбыладан күтіп жүрген шұғыла,
Мен-дағы бір баянсыздың мысалы.

Жебір күннің желмаясын ағытқан,
Сайқал-тірлік сығалайды жабықтан.
...Періштелер дауыс қылды түсімде,
Салып алып бір ақынды табытқа...



Қыран құс, саған қайранмын...
(Б.Момышұлының асыл бейнесіне).

Қара Ертіс, саған қайранмын...
Ұ.Есдәулет.

Қыран құс, саған қайранмын:
Шамырқанғандағы шаңқылың,
Қарғаның басқан қарқылын.
Отты көздерің айғақтар,
Найзағай мінез жарқылын.

Жаныңда, ұқтым, тоң барын,
Қанаттарыңды комдадың.
Атылдың көкке оқтай боп,
Тұлғаң-ай, сенің сондағы!

Жауатын бұлттай түйілдің,
Сорғалап көктен құйылдың.
Жасқанған сенен жәдігөй,
Бетке алып безді қиырды!

Жазылған болат шеңгелің,
Кесірге көрдім енгенін.
... Мәңгілік мұзарт-мекені,
Қыраным!
Києм – сен менің!

Қыраным, саған қайранмын...



Жапырақ-жүрек

*Көңілсіздік,
Осы ғой күз жеткені,
Көкжиекте құстардың тізбектері.
Б.Құрманқұлов.*

Ызғары күздің қаттырақ үдеп,
Сезімнің көлін сапырады кеп.
...Өмірі бітіп, көңіл үгітіп,
Ұшады баяу жапырақ-жүрек.

Көңілдің, жөн бе, қырауланғаны,
Жаздан керек-ау, сұрау бағаны.
Жабырқатады жыр-жүрегімді,
Тырнаның мұңды тыраулағаны...

Хабардар қылып күз жеткенінен,
Құстар да қайтты тізбектерімен.
...Жұмысы жоқ-ау, осы құстардың,
Жапырақ-жүрегімді мұзды еткенімен...

Барады ұшып тізбектерімен...

2000 жыл

Биігім менің - Бейімбет...

Қазақстандағы Ақмола қаласының маңында «халық жауларының» әйелдері қамалатын «Алжир» атты (Акмолинский лагерь жөн ізменников родины) арнайы лагерь жұмыс істеді. Бұл лагерьде қазақ елінің Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Темірбек Жүргенов секілді мемлекет, партия, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің жұбайлары тұтқында болды.

«Халық жауларының» әйелдеріне қойылатын алғашқы талап – күйеуінің жау екенін мойындап, одан түбегейлі қол үземін деп тілхат беруің керек, сонда жазаң едәуір жеңілдейді екен.

Бірде маған Ғабит аға (Мүсірепов) Бейімбет Майлиннің жұбайы Күнжамалды АЛЖИР-ге іздеп барып, жолықтырғанын әңгімелеп берген.

Сонда Күнжамал апамыз Ғабеңе:

- Осы лагерьдің қойын өзім әдейі сұранып бағып жүрмін. Ертелі-кеш тордың ішінде тапжылмай қамалып отырғанша, іштегі бар қасіретімді сыртқа шығарып, бар даусыммен айғай сап жылап алсам, едәуір жеңілденіп қаламын, - депті.

Мұхтар Шаханов.



Санамды шаншып, самсады сүңгі,
Жанымды қажап жауыр мұң.
Өзіңмен өткен аңсадым күнді,
Қайғы еміп, қанша ауырдым?!

Күндерде қамсыз ой-шірік пе еді?
Улы ойға бүгін сана -лық.
Той-қылық кетіп, қойшылық келді,
Жас емес, көзден қан ағып.

Пендеге пайда – жан сақтағаны,
Жайлы орын қайдан таңдайын?
Тұрамын ылғи аңсап даланы,
Тордан бір қашқан аңдайын.

Биігім еді – Бейімбет менің,
Үңілмеді неге ішіме ел?
Қиын өткелім – күйім кеткенін
Түсінсе, дала түсінер.

Сезімің сырлы, ойымда, жаным,
Жылатқан мені көл – демің.
Өзіңді жау деп мойындамадым,
Онан да артық - өлгенім.

АЛЖИР-де әр күн қиналыс, егес,
Ордасы дерсің тозақтың.
Жарқырар бірақ күні алыс емес,
Бейімбет сынды қазақтың.



Жылау мен сықтау -бәсіре сынды,
Қолымда-қойшы таяғы.
Айғайлап айтқан қасіретімді,
Есітіп, қай жан аяды?

Тапта да, мейлі, өте бер, күйік,
Тағдырдан алған «сыйым» көп.
Ұрпағың сені көтерер биік,
Ұлағат емген Бейімбет!

Сырларын ішке түйеді дала,
Қалт етпей тыңдап әр үнді.
Жүйелі, дана, киелі дала,
Өзіңе шағам зарымды.

Құшакқа ұрпақ қаусырар жарқын,
(Көзімнің алды – нау елес).
...Бейімбет-биік тау шығар, бәлкім,
Жау емес, дала, жау емес!..





Пенделігім-бер жағым,
Ақындығым-ар жағым.
Замананың зауалын,
Зар қылатын заржағың.

Өкінбеске өкінген,
Қуанбасқа қуанған.
Бекінбеске бекінген,
Жұбанбасқа жұбанған.

Шаттанбасқа шаттанған,
Таң қалмасқа таң қалған.
Мақтанбасқа мақтанған,
Алданбасқа алданған.

Теріс келген толайым,
Тірлігінің толғағы.
Оңай келген орайы,
Бір ісі де болмады.

Заман лебі-күз лебі,
Қақпаны көп құрулы.
...Көк бөріден түздегі,
Үйренейін ұлуды!..



22



Мұңайма, менің аққуым...

*Арын өткеліне
көктем сайын жалғыз
аққу ұшып келеді.
Дауысы сондай аянышты...
Досымның әңгімесінен.*

Көңілдің қылын баяулап қағып,
Көтеріп биік пәк туын.
Не шара бұған, аяулы-ақ, ғаріп,
Жеттің-ау тағы, аққуым...

Мұңайып қондың, айдынға мынау,
Арманның құсы – аққуым.
Жарасын жанның жайдың ба, жырау,
Аза ғой, мына «гәккуиң».

Жырымды жүрген қорғалап сен ең,
Тап келдің тағдыр уына.
Көзіңнің жасы сорғалап төмен,
Қосылды көлдің суына.

Қасірет-қайғы салғанда бұрау,
Қуаныш кетер кенде боп.
...Мұңайма, аққу, жалғанда мынау
Жүрегі бүтін пенде жоқ...

...Мұңайма, менің аққуым...



23





Мұратым бар

Әлемді әнге қосып жырлағандар,
Өмірді өлеңменен сырлағандар,
Ақындар – адалдықтың ақ желкені,
Жаны жырлы, жүрегі сырлы адамдар.

Жүрегі Атымтайдай жомарт жандар,
Өтірік, өсегінді жоғалтқандар.
Мінезі – табиғаттың мінезіндей,
Азапты арқасына көп артқандар.

Тағдырдың талқысын көп көретіндер,
Көретіндер,
Бәріне көнетіндер.
Қайғыға қайыспастан қабырғасы,
Өмірін өлең етіп өлетіндер.

Алатаудай биік боп тұратындар,
Өткір алмас асылдар – ұлы ақындар.
Жүрек – жырлы, сан сырлы, жаным – нұрлы.
«Сендердей болсам» деген мұратым бар.

1997 жыл



Өткелсіз өзен

Асырып айла ептілер жеңіп,
Тірлікте талай ұтылдым.
Өмірдің нұры кетті ме кеміп,
Көңілдің күні, тұтылдым.

Қуанышпенен таласып қайғым,
Көпіршік атты сор саба.
Сөйледі бүгін баласы байдың,
Ауызы қисық болса да.

Бейдауа пиғыл, сый көріп иттер,
Бәйге алды бүгін байталы.
Балақта жүрген би болып биттер,
Батыр боп шықты сайқалы.

Жүрекке улы мұң құйып келем,
Бүгінім – былық, өткен – сыз.
...Тірелдім бүгін тұңғыық, терең,
Өзенге келіп өткелсіз...



Судья
(Баллада)

*Қаныш – дара, Қаныш – дана. Оның
ғалымдығымен қоса, шешендігі де бар.
Әкесі Имантай бидің қасында жүріп, игі-
жақсылардың өсиет-өнегесін өн-бойына
сіңірген Қаныш біршама уақыт өз ауылында
судья болып қызмет атқарған. Ескі салттың
құрбаны болып, алтыстан асқан шалға сатылған
17 жасар Әнипаға бостандық алып бергені –
Қаныштың сұңғыла шешендігінің айқын дәлелі.*

Елі үшін жасап әділ сан ұйғарым,
Судья боп жүрген Қаныш салиқалым.
Түсті бір күн қолына арызы кеп,
Боранбайдың тоқалы Әнипаның.

- Гүл теріп шыға алмаймын қырға бүгін,
Аузымды ашсам, қосылар жырға мұңым.
Іліктім Боранбай бай құрығына,
Мен пақыр – ескі салттың құрбанымын.

Деуші едім «каталдыққа ұрынбаймын»,
Бүгінде торда ұстаған тұрымтаймын.
Өксітпей өмірімді жастық дәурен,
Қырғидан құтқарыңыз – бұйымтайым!

Батасын алу бақыт – жылағанның,
Әкесі әділдігін сынаған мың.
Сол күні жолға шықты,
қалай шыдар,
Бір хатта тағдыры тұр - бір адамның!

Бақ-дәулет-ай,
пендесін желіктірген,
Қырдың қызыл гүліне еліктірген.
...Сол ауыл төрағасын қасына алып,
Боранбайдың үйіне келіп кірген.

Кеңестік өкіметтен сор аңдай ма,
Соңғы кез маза жоқ-ты Боранбайда.
...Ауыздан ақ май аққан қайран өмір,
Қайтадан орала ма, оралмай ма...

Болмайды мұндай сында көз жас дәрі,
Ақылсыз жастан қашан озбас кәрі?
Аллаға іштей атап бозқасқаны,
Көсемсіп Боранбайың сөз бастады.

- Есіттім «содиядай» атың барын,
Білмеймін,
менде қандай ақың барын.
Кеңестік өкіметің шебер екен,
Алуға шал-шауқанның қатындарын.



Өздерінде ар қалып, ұят қалып,
Біреудің құпиясын жиі ақтарып
жүрсіндер.
Әнипаны сатып алғам,
Құны оның – қырық жеті, тұяқтарым...

Боранбай басты осылай байбаламға,
Енді сырын айтады қай жаранға.
Ешкімнің ештеңесін ұрлаған жоқ,
Құл емес-ті, жүретін айдағанға.

Осы кез судья Қаныш сөз бастады.
- Әділдіктен адамның озбас бәрі.
Әйел сату заманы өтіп кеткен,
Мұңын ұқ Әнипаның, көз жастағы.

Теңін табар Әнипа, ақылы айдын,
Күні туды жарлының – жақыбайдың.
Адамзатқа тазалық әр кез керек,
Жасыл айдын -суындай Жасыбайдың.

Әділдіктен тірі жан аса алған ба,
Әділдіктен тірі жан қаша алған ба?
Өз билігі - өзінде, әр адамның,
«Адам» деген ұлы есім қашаннан да!

Осылай Қаныш айтты өз бағамын,
Жөн -істі ары қарай созбағаны.
...Келісіп келелі іске, амалы жоқ,
Боранбай шаңыраққа көз қадады.





...Әнипаға дүние ғажап бүгін,
Әнипаға артта енді азапты күн.
Танытып қайсар мінез қазақтығын,
Әнипа алды өзінің азаттығын.

...Мақтан тұтам бабамның беттілігін,
Ұлылардан ұлағат жетті бүгін.
Жасынан дара Қаныш, дана Қаныш,
Танытқан-ды осылай тектілігін.

P.S.

Мыс-қала, мен ғашықпын нұр таңыңа,
Жыр арнап бір өзіңе шырқадым да.
... Қиялымда күн сайын дана Қаныш,
Сырын айтып жүргендей ұрпағына!..





Сері көңілі

Келіп жетіп көгіме қас-қағымда,
Жапқандай боп қара бұлт аспанымды.
Батқандай боп сағымға сырлы сезім,
Жүдетеді қалың ой жас жанымды...

Жүрегімді мың батпан мұң басқандай,
Тұнжыраймын мен неге түнгі аспандай?..
Сырласатын менде бір дос жоқтай-ақ,
Қалжыңдасар менде бір құрдас қалмай...

Қойғандай-ақ көп мұңға теліп мені,
Елікпеді, көңілім желікпеді.
Байқамағам қалайша..
Менің жаным
Мұңға ғана, тек мұңға серік пе еді?!

Дүниенің көгі де, жері де гүл,
Қуанышпен, қызықпен – берік өмір.
Нөсерлетші, жанымның ақ жауыны,
Серпілсеңші,
Серпілші, сері көңіл!..

1997 жыл



Ғарыш жақты аңсадым...

Қаламымды берші маған, бәйбіше,
Болашаққа арыз жазып кетейін..
Мұқағали.

Ертеңіне сенер екен енді кім,
Қайғы жұтып, қамығады шерлі күн.
Шапқылайды, шаң боратып соңымнан,
Тұлпар уақыт,
Кептірместен терлігін.

Өкініштен сыбаға алып өткен күн,
(Арманына ит – тірлікте жеткен кім?)
Шабыт шоғы намысымды күйдіріп
Өткен күнге өзімше бір... кектендім.

Жалғамак боп екі арасын «үзіктің»,
Жүгіргендер,
ниеттерің бұзық тым.
Жалғыз өзі жылдар бойы күн кешкен,
Робинзонның өміріне қызықтым!

Есімде жоқ, елес қудым қанша күн,
Жеткізбеді, алдарқатты сан сағым.
...Көкте болар мен іздеген көп арман,
Ғарыш жақты аңсадым...

2001 жыл





Алаңда


Керуендетіп күндер өтті талапай,
Тәубе дейік, өткенге.
...Тәуелсіздік алаңында балақай,
Жем шашып жүр кептерге.

Кептерлерім,
Бақыт хатын тасыған,
Екі шоқып, қара бір.
Өткен күннің өкпегінен жасыған,
Өлеңдерім – нала кіл.

Ерке бала, асыр салған алаңда,
Күн өбеді бетінен.
... Тоқтаңдаршы, тағаты жоқ жарандар,
Жыр оқиын, өтінем.

Ақын болсам қалай жүрем, сөз-ебі,
Жыр тиегін ағытпай.
...Мырыш па екен, тағдыр, сенің өзегің,
Ләззат жатқан табыттай?..

Басы қатты іс аяғы – баянды,
Көңілдердің айдынына қаз қонып.
...Қайрат қанын төккен жерде баяғы,
Балақай жүр мәз болып...



Түн сыры

Тылсым түнек адастыр, ал, адастыр,
Көктем – көңіл,
қайдасың, нала басқыр!
Тұлдыр түннен алатын сыйы бардай,
Қаламымнан ұлып тұр қара қасқыр.

Пенделерін, күпіршіл, мәңгі ұқпастай,
Сыркат – әлем сыздайды сандықтастай.
Қатал-тірлік өмірі қаңғытпастай,
Баксыз байғыз есірді саңғып басқа-ай!

Өзектегі өртім ең, жанып тұрар,
Өлең, өлең!
Ұстапмай зарықтырар.
... Бір көбелек отқа кеп түсіп кетті,
Бар айыбы байғұстың – жарыққұмар...





Әлім деп өткен үш Алым

*Әкеміз, ағамыз құраған халықтың
Аты, даңқы өшпесін деп
Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.*



«Күлтегін» үлкен жазуынан.

О, батыр бабам Күлтегін,
Жан дейді сені кім тегін?
Көңілді қозғап қобыз-үн,
Жүректің жасын сүртемін.

Ер болдың елге сүйікті,
Ұлылық саған тиіпті.
Бір өзің, баба, мегзедің,
Халқыңа асу, биікті.

Ұшырдың биік құсыңды,
Сарп еттің барлық күшіңді.
Жәдігөй безіп жанынан,
Дұшпаның кеуіп-ісінді.

Қарыздар ұрпақ саған мың,
Асылы сенсің адамның.
Батырлығы бізге қонса екен,
Білге қаған бабамның.



«Тарландық оның теңі» деп,
Айтады алаш сені көп.
Егемен мынау еліңе,
Ақылың қонсын, Тоныкөк!

Пәниде оның жоқ теңі,
Сұстанып тұрар отты өңі.
Тамыры терең түркінің
Ұрпағын қолда, Көк Бөрі!

Өмірің бізге сыр сынды,
Өзіңнен жеткен жыр құнды.
Қолдай жүр әр кез рухыңмен
Ырымшыл мынау жұртыңды!..





Көктемді сағынды

Түсіме жиі енеді алмалы бау,
Шуағыңды аңсады тал да мынау.
Көңілімді көтерер көк жүзіне,
Нұр сепсеңші көктемім,
Арманым-ау...

Табиғаттың ғажайып бұла шағы,
Көктем келсе- көңілім гүл ашады.
Бастау алып көктемнен бар қуаныш,
Ұлы соңы шілдеге ұласады.

Арман таңым!
Арайлы атқан шағым,
Болашағым- жүректе жатқан сағым.
Көңілімнің ерітер көк сүңгісін,
Нұр көктемді сағындым, қатты аңсадым...

1996 жыл



Өксік өлең

Жұлдызды сәт ақыннан тоспады кім,
Қор болғанын қарашы, босқа күнім,
Ақылдылар мәз болып арба сүйреп,
Ит орнына үріп тұр шошқа бүгін.

Ептілері екі жеп машықтанған,
Беттілері теңіздей тасып та алған.
Ғалымдары ғылымды ақша қылып,
Дарындары даңғой боп, пасықтанған.

Алар жандай тірліктен енді үлесін,
Қай наданды сөзіңе сендіресің?
Құл ғып жүрсің жасыңды қылшылдаған,
Шұлғып тұрсың, басыңды енді несін?!

Қайраттанып бір сәтке кесек үннен,
Сыр аңғарсаң болмас па, кешегіңнен.
Ақиқат пен арды кеп айырмақсың,
Қайырмақсың, апыр-ау, есе кімнен?

Қайырылмас киелі топшы берен,
Жүректерге ақ шуақ төкші дер ем,
Беті қайтып бейдауа пенделерден,
Баса алмай жүр солығын өксік өлең!..

2002 жыл



*Жүрегім менің -
Жанартау*

Сағым-өмір, сүлесоктау, самарқау,
Сезіміме бола алдың ба, сан арқау?
...Қай кездері атыларын кім білген,
Жыр-жүрегім, сыр-жүрегім – Жанартау.

Шабытымның самал желі күнде есіп,
Ой-орманды араладым күн кешіп.
Жақсылықпен қол алысып достасып,
Жамандықпен ерегісіп, күндесіп...

Ойға батам елегізіп күн-түні,
(Көңіл ұғар мысқыл менен күлкіні).
Жеткен кезде Жанартаудың толғағы,
Атылары ақиқат жай бір күні.

Тіршіліктің гөй-гөйіне салып құр,
Жүргендерге жаным менің налып тұр.
...Кім біледі атыларын қай кезде,
Жанартауым әлі маздап жанып тұр...

1998 жыл



Абайға арыз

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек...
Абай.

Тұлпар – ұмыт, бәйге алды байтал өрлеп,
Кесапатты кесірлі ел қайта көрмек.
Абай ата, ақылың бар ма айтатын,
Ел бұзылды, тапты да шайтан өрнек.

Шырқы кеткен тірліктен жай ұқтырып,
Сырымды айтам, жанымды жайып тұрып.
Мансап қуған мәнжубас мына тобыр,
Бірін-бірі кетердей майып қылып.

Талғажау ғып тірліктің тек қызығын,
Жүгіргендер,
дүние – шексіз ұғым,
Өзінде атқан ақ таңның парқын білмей
Батыс жаққа телмірді тексіз ұлың.

Ауыздан – сөз, қойнынан бөзі түсіп,
(Ұрпағыңның бұл күнде көзі қысық).
Қояр емес қылығын, жатса-дағы
Өзі қазған орына өзі түсіп.



О, әулие,
жанымды сына қажап,
Шырқыратты-ау!
Мына жұрт күнәға жақ,
...Екі ауыз сөз еліңе айтып кетші,
Есіңе алсын құдайын мына қазақ!..



Махамбеттің түсі

Кейбір адамдарда көрегендік қасиет болады. Махамбет өлерінен аз күн бұрын түс көріпті. Түсінде басы кесіліп, қырдан ойға қарай домалап барады екен. Шынымен, арада аз ғана уақыт өткен соң қасында жүрген жолдастары Махамбеттің басын кесіп әкеткен...

Түс көрдім мен бүгін түнде шын кекті,
Түр-тұлғама дос етпеп ем індетті.
Тасым өрге домалайтын күн өтіп,
Басым көрге домалайтын күн жетті.

О, Қараойым!
Атамекен, сан жүрген,
Жастық қайда, аспанымда таң күлген?
Табаласып өмір өтті тексізбен,
Жағаласып жалбыр төбет – Жәңгірмен.

Қазандайын қайнайды іште кек дара,
Өмір - өлім,
түстік жердей екі ара.
Ашу-ыза тұла бойды буғанмен,
Баймағанбет сұлтан болса – не шара?!

Қанды әлемнің жазылмады-ау құрысы,
Таусыла ма тіршіліктің ұрысы?
Ұланы едім ұлағатты ұлтымның,
Қыран-өлім, сірә, маған дұрысы!..

2003 жыл



* * *

Жеме-жемге келгенде,
Екіжүзді- шартарап.
...Шерлі кеуде, шерменде,
Шарап іштім шалқалап.

Сұрландырып
селкеусіз
Күн сүйетін көркімді.
Өшіргенмін өлшеусіз,
Өзектегі өртімді.

Замананың зауалын,
Жаймас үшін жаныма,
Таптым тірлік жауабын,
...Уды кұйдым қаныма.

Күлдім сосын... сақылдап,
Сұрқияның ісіне.
Ғазал төктім лақылдап,
Тұлпар еніп түсіме...

Арда туған ар кегі,
Аманат қой бәріңе...
...Өкінішің бар ма еді,
Бөлісемін әлі де...

Кебін мен кебенек

Кебінді
Киетұғын асық па едің, көргің келіп кебімді?
Осылайша қайтармақсың,
Менде кеткен кегінді.
Зәредей-ақ зиянымды көріп пе едің, «зиялым»,
Қап, тегінді...

«Ұлағатың» маған жетпей,
Ұрпағыңа ұғымды,
Енді келіп түкситесің түгінді.
Қаншық-қоғам сан талаған кесірмін ғой-
мен деген,
Деп ойлама-бүгілді!

Кебенек
Киіп өскен оғыланға сенің сесің не керек?
«Кебін кесе-өлетін, кебенек кесе-келетін»
Күдіретке айта алмаймын,
Мына сені еге деп!

Ей, екіжүзді тіршілік!
Өзіңнен тұр көңілім де, жүрегім де түршігіп.
Зырылдайды замананың ұршығы,
Айтқан ақыл-құр шығын...



Еркелеген ер едім ғой, жабу төсті халқыма,
Енді, ағатай, өкпелеме,
«бас имеді,-деп,-салтыма».

Бойлайтындар қара өлеңнің парқына,
Бағынбайды қалталының нарқына.
...Сыйластықтың мансаппенен
қосылмайды сағасы,
Кешір, мені, ағасы!...



Мұңдарыи бар...

Армен бірге түнеппін,
Ойларды еміп тұңғыық.
Тұнжырайды түнек түн,
Жүрегіме мұң құйып.



...Қалай жүрсің кектенбей,
Кесапатты сүйіп пе ең?!
Қырандардың кеткендей,
Басы айналып биіктен.

Көрер көзге боп күйік,
Сезім тартты бұйығы.
Қансырайды оқ тиіп,
Көңілімнің киігі.

Пәниде кім шын арлы?
Мұңдарым бар тағы да.
Тұлпарларым тұмарлы,
Айналғандай жабыға.

Көктеменің кезі кеп,
Өрекіпідім, аптықтым.
Оралсаңшы тезірек,
Шағаласы шаттықтың!..







Өртеңге біткен қарағай

Өрт өзегі биыл да Арқаның біраз аймағын шарпыған екен. Дала қара шәлі жамылғандай. Сарыарқа деп айтуға, тіпті, аузың бармайды екен.

Міне, мына кереметті қара, өрт шарпып өткен далада жалғыз ағаш өсіп тұр, өртенуден дін-аман! Етегін өрт шалғанмен тамырын тереңге, бойын биікке түзеген қарағай қарт жауынгердей әлі де асқақ...

(қойын дәптерімнен. 23.09.10.)

Өртеңге біткен қарағай,
Өртеңге біткен қарағай,
Тік өстің, тауың шағылмай,
Шерменде, шерге карамай.
... Өзегін өртер өндірдің,
Шайпаусың, тағдыр-шалағай.
Сұрқынды көріп сұрғылттау,
Шақшадай басым шарадай.
Өртеңге біткен қарағай...



Өртеңге біткен өр-мүсін,
Қайсарсың, әлде өрмісің?!
Қолыңда – қанды қандауыр,
Тұрлаусыз тағдыр төнді шын.
(Басқаға бермес билігін,
Тектіліктің де көр күшін).
Сынаған сені сұрқия,
Дей алмас мәңгі – «сорлысың».
Өртеңге біткен өр-мүсін...

Өртеңге біткен киелім,
Өртеңге біткен киелім.
Қаншырдай қатқан қарғыстың,
Сылыған сенсің сүйелім.
Тереңге тартқан тамырың –
Тірегің, әлде, тиегің?
Биіктік – сендік қасиет,
Сүйетін бұлттың жиегің.
Тереңдік пенен биіктік
Үлгісі сенсің – киелім.
...Басымды саған иемін!



Мұңдаспыз...



Қ. Рысқұлбековтің асыл бейнесіне.

«Елім-айлап» соққан аппақ жүрегін,
Аға, сені асылым деп білемін.
Жолбарыс ең, ел бағына жаралған,
Қасіреттің бұзып өттің түнегін.

Адалдықтың бағалап ең өлшемін,
Атқа міндің, ел басына келсе мұң.
Киеліні сан жоғалтқан – бұл қазақ,
Сүйегінді әрең тапты-ау ел сенін.

Бастарыңнан бақ кетсе егер адасып,
Қалай ғана көңілді жыр жазасың?!
Әлі күнге табылмаған сүйегі,
Сәкеннің де жетіп жатыр назасы.

Азап жырын айтып өтем өмірдің,
Қу қабырға,
қасіреттен сөгілдің.
Жыр айтпайды жүрегімнің бұлбұлы,
Әлі күнге иті ұлиды көңілдің.



Мәпелеймін қайың-жырдың бүртігін,
Бүтіндеймін көңілімнің жыртығын.
Араныңа ақын түсті-ау, тағы да,
Тойды ма екен, өткен ғасыр, құлқының?

Сансыратып соққы тисе санаға,
Шабыт – тұлпар шабысынан тана ма?
... Кермек жырым тағдырыңа ұқсаса –
Мұңдаспыз біз, жан аға!..

2003 жыл





Күрең күз
(экспромт)

Көңілді торлар уайым мың,
Айнала тартса сүренсіз.
Жапырағынан қайыңның,
Жасыңды көрдім, күрең күз.

Қалықтап ұшқан жапырақ,
Қайғың деп сенің білерміз.
Алтындай мынау атырап,
Еншіңде сенің, күрең күз.

Жабырқау сезім тербесе,
Жайыңды бағып жүрерміз.
... Сырымды айтсам сенбес ең,
Жаныма ұксас күрең күз...

Тоқырау кездің сызы ма ең,
Сұрқыңнан мұңлы сыр емгіз.
... Мұқағалидың ізімен
Қош дейін саған, күрең күз!..



Сәкен ескерткіші алдында

Сыр-сандықты ашып қара...
С.Сейфуллин.

Қия-күз.
Қанатым шын талды,
Шыдамның тасы сан ұнталды.
... Түңілсем тоңмойын тобырдан,
Іздеймін өзіңді – сұңқарды.

Сан көрдің, сұм тағдыр сындарын,
(Талауға түстің-ау, шын дарын).
Тексізге бас иіп тұрмадың,
Өзің де, көзің де – жырларың.

Мына біз түгілі,
Абайды шаршатты ел күбірі.
... Ұйқымнан кей кезде оятты,
Сен мінген ақ боз ат дүбірі.
Безініп ісінен жандының,
Тіршілік көзінен тамды мұң.
... Өтпелі өмірдің айнасы –
«Сырсандық» - сыр толы сандығың.

Төзімнің талқанын тауысып,
Әніңді аңсайды тау іші.
... Алаштың аспанын тілгілер,
Саңқ еткен сұңқардың дауысы.



Елес боп еркелік,
Пендесі жатқан соң дерт еміп.
Өзіңе, өр-ақын, оқыдым,
Өлеңді, өзегім өртеніп.

Бас иген бегің де,
Тектілік жатыр-ау, тегінде.
Жыр-сұнқар, әндерің – аққу боп,
Қалқиды еркін ел көгінде!..



Мөлдір мұң

Түсін, менің жанымды, түсін мені.
Көзбен ұқтым, сырынды ішіндегі.
Бар айыбым – сенімен сырласпадым,
Кешіре гөр, сол кінәм үшін мені.

Арман – тауда біргеміз күнде дерлік,
(Жүрегімде өзіңе жыр жетерлік).
Қиялымда - даланы бірге кезіп,
Қызғалдағын даланың бірге тердік.

Қуанамын!
Бақ таптым жер бетінен.
Сыр ұғамын көзіңнен, келбетіңнен.
...Күнім өтті мазасыз, мөлдір мұңды,
Жүрегімде әлдилеп, тербетумен...







Екінші бөлім

*Тілегім-сенсің,
текті елім...*







Сағынышым - ұлар құс

Ұлытаудың ұлылығын,
Ұлы дала, айтып бер.
Ұлы рухым- сұлулығым,
Кеудеме кел, қайтып кел.

Ақ арманым, алыс ұшқан,
Сен қонған маң – тұнжыр маң.
Ұлар құсқа сағыныштан,
Түсе берді ұнжырғам.

...Ұлағатың жүр екен ғой,
Қолдап мені лайым.
Ұлар деген -жыр екен ғой,
Ұғынғанға, құдайым!

Шерлі күйден шошына бір,
Өршеленші, өр үнім.
...Ұлар – жырға қосыла ұлыр,
Бөлтірігі бөрінің!..



Әмірхан көшесіндегі ой

*Шаршадым, шатыстым,
Таппадым амалын.
Шығысым Батыстың,
Жалайды табанын.*

Иран Ғайып.

Қалыс қалып қадірі нар асылдың,
Алыстады жағасы жарасымның.
Көшелі сөз іздедім көшеңе кеп,
Академик ер ұлы – Алашымның.

Түссе айып па, ақиқат азабына,
Құлағың түр, ғұлама, ғазалыма.
Тектілікті ұмытқан мына тобыр,
Бас иеді Батыстың мазағына.

Қаша алмадым, қайрат қып от-дауыңнан,
Ар емес, «БАР» жайын біл, тоқ қауымнан.
...Жеті атасын сұрап ем, «сырын» ұқтым,
Жеті жасар баланың боқтауынан.

Өкпемді айтсам – бұл өмір өзгере ме,
Болашаққа бола ма сөз – жеребе?
Арқамнан қағып Арқа жұбатпады,
Боздап барып аунап ем боз көдеге.



Маңында ел көп, Күлтөбе, Үштөбенің,
Көз ілсем, көңіліздеу түс көремін.
...Кермектігін ол да айтты кемшін күннің,
Тал жусанды тістеніп тістеп едім.

Батылданшы, тұяғы нар-асылдың,
Жақындашы, жағасы жарасымның.
Рухыңмен қолдай жүр, мына еліңді,
Арқадағы асылы – Алашымның!..



Айналайын, алашым!..

*Тәуелсіздіктің
15 жылдығына арнаймын.*

Серпіп өткен сергелдең күн наласын,
Тәуелсіздік!
Тәңір сыйы – жарасым.
Көк бөрінің ұрпағына жыр-шашу,
Жалап жазған қоңындағы жарасын!

«Шындық» атты тусаң-дағы анадан,
О, ақиқат!
Тәнің талай қанаған.
... От жүректі, орда бұзар шағында,
Ару құшпай, ажал құшқан сан ағам.

Арыстарым, атың сенің-мәңгілік,
Санамда тұр әлі күнге жаңғырып.
Көзсіз ерге көр қазатын ертерек-
Заманауи заңдылық!

Бақыт құсы басқа қонып тұрғасын,
Қызыр баба елге ат басын бұрғасын,
Жүрегінен төксін бүгін жыр-жасын,
Тәуелсіздік!
Сені ақының жырласын!..





Атқа қонған «жолды оңғар, - деп, - а, құдай»,
«Тасысын – деп, - қазағымның бағы ұдай»
Тәуелсіздік, сені аңсады сан жылдар,
Ақ найзасы ағараңдап – Ағыбай!

Нар тұлғалы, нұрлы өлкенің дарасы-ай,
«Жүдетті – деп, - жебір – күннің наласы-ай»
Тәуелсіздік, сені аңсады сан жылдар,
Қалқан болған қазағына – Қарасай!

Бодан елдің қасіреті дәйім көп,
Ұлты үшін ұйқы көрмей, уайым жеп,
Тәуелсіздік, сені аңсады сан жылдар,
Арда туған алаш ұлы – Райымбек!

«Бодан болсаң – сор керек ед саған қай, -
деген еді, - онда қалай табам жай?»
Тәуелсіздік, сені аңсады сан жылдар,
Қара шоқпар арқалаған – Қабанбай!

«Өз жерінде несібесін жеген – бай, -
деген еді, - қазаққа бар бөген қай?»
Тәуелсіздік, сені аңсады сан жылдар,
Болат жүрек баһадүрім – Бөгенбай!

«Құтылмас, - деп, - елге тиген жырынды»,
Түн қатқан ер, елі соған бұрылды.
Тәуелсіздік, сені аңсаған сан жылдар,
Дат баласы – ұмытпайық Сырымды!



Тіл-дініме тіс тигенде сауырдан,
Жаны ышқынып, жүрегі сан ауырған.
Тәуелсіздік, сені аңсады сан жылдар,
Фамилиясы жоқ батырым – Бауыржан!

Көзкөрмеске кеткендейін сірә, азап,
Елім – азат, жерім – азат, жыр – азат.
Қарлығашы қара ормандай қазақтың –
Қаһармандар – Қайрат пенен Ләззат!



Елім менің!
Аққу мінез тән оған,
Арманының ақ құстарын санаған.
Қан уыстап туған жалғыз – Шыңғыс хан,
Ар уыстап туғанбыз біз анадан!

Қияға ұшар қыран қанат, текті елім,
Арманыңның ақ шыңына жет, елім.
«Бақытты ел», - деп, тамсанады бар әлем,
Нұрсұлтанның нұр ұйыған мекенін!

P.S.
Еркіндігім – елтіп айтар ертегім,
Көңілімнің қыл-қобызын шертемін.
Он бес жасар Тәуелсіздік – киеме,
Он бес шумак жыр арнады ерке ұлың!!!

2006 ЖЫЛ





*Қара өлең келген
күні бәйгеден...*



*Мәдениетті қолдау жылында
орнын тапқан орайлы істің бірі –
М. Мақатаевқа мемлекеттік
сыйлық берілуі деп білемін.*

Жанды тербеп жазиралы жыр-екпін,
Арманымның мұзбалағын түлеттің.
Қыран болып көкке самғап қуаныш,
Жанарына жас іркілді жүректің.

Жанғанменен маздап оты мазақтың,
Өшті бүгін.
Арайлады азат күн.
Шекпенді боп шікірейсе несі айып,
Күпі киген қара өлеңі қазақтың?!

Ән сап құстар осы күні таңда ала,
Қарап қалды зеңгір аспан таң қала.
Күлімсіреп қоя берді қия бел,
Мұңға батқан алқам-салқам маң дала.

Ер болсаңыз – жалған желді өтінде өл,
Ақиқаттың ауылына бекінді ел.
... Айдынына қайта оралып аққулар,
Қуаныштан жылап алды «Жетімкөл».



Қайда жүрсің,
жүрегіме жайлы өлең,
Көңілімде күн тұтылып, қайғы емем.
... Төбем көкке жетпей қалды екі елі,
Қара өлең келген күні бәйгеден...



*Өксік немесе Сәкеннің ұлы
Аяанның зары*

*Аяным, ұядағы бала бүркіт...
«Ақын мен ажал» поэмасынан.*

Жазған ба, маңдайыма өмір мұңын,
Ұғады жетім ұлдың көңілін кім?
Қайғының кара бұлтын көтере алмай,
Қабырғам қақырады, сөгіліп мың.

Жасымнан баска тиді ауыр сын дөп,
Шығады өксік толы дауысым көп.
Басымнан сипап, әке, айтушы едің
«Ақ боз атпен кеземіз тау ішін», - деп.

Білмедің, әке, сірә, жауың қайда,
Жүрегі жалғыз ұлдың ауырмай ма?
... Аралап кетейікші, әпкел бері,
Атың қайда, кезетін тауың қайда?!

Лайық жан едің-ау сен дастанға,
Шырқайтын кезің еді-ау енді аспанға.
Өздері «асылым» деп еркелеткен,
Көздерін мынау елдің шел басқан ба?!

Қиялымда өзінді тау көрем де,
Ықыласың сұлу жыр, ауды өлеңге.
Елім деп еңіреген ел едің ғой,
Сенбеймін, әке, сені жау дегенге!

Деуші едің «көпшілікті сынамалық»,
Самалы адалдықтың тына қалып,
«Ақын ұлы» деуші еді кеше ғана,
«Жаудың ұлы» дейді енді мына халық!

Өнегең өн-бойыма сыйып еді,
(Теперіш – қу тағдырдың сыйы ма еді?!)
Қыранның ата-жауы қарға-күзгын,
Шеңгелін жазып маған шүйіледі!

Бұл күнде әділдікке сарғайды ұғым,
Бұл елдің көксегені қандай ырым?
Ақ жібін ақиқаттың жалғайды кім,
Соры неге бес елі маңдайымның?!

Қанқұмар – кесапатқа құмар, ғашық,
Тектімен қысқа күнде мың арбасып,
Жетсе мұң желпіп өтіп бар алапты,
Көкшені тұрады әр кез мұнар басып.

Қылығың мынау елге өтсе бөтен,
Құдайға сен «күнәмді кеш» демес ең.
... Әкетай, шошынамын тексіздерден,
Көгершін боп көкке ұшып кетсем екен!
... Кетсем екен, өзіңе жетсем екен...



Биіктіктің өлшемі

(Сәтбаев қалалық білім бөлімінің басшысы
Ш.Қ.Жанасыловаға)



Атымды әкем қойыпты...
Шынар апайдың әңгімесінен.

Шынар шыңға бітеді.
Халық даналығы.

Шапағатқа шөл баса алмай жүргендер,
Ұлылықты ұғына түс, бір демде.
Ағаш деме, аласартып айбынын,
Шыңға біткен қасиет ол білгенге.

Таңың атсын аспаныңнан тек күліп,
Өткен өмір өнегесі жетті нық.
...Қайсарлыққа таң қаласың кей кезде,
Тасыңа да тамыр жайса тектілік.

Биік мұрат, артатұғын ел сенім,
Асқақ арман!
Ізгілікпен көрші едің.
Бұл әлемде болмаса егер биіктік,
Жазықтықтың кім білер ед өлшемін?!



Сағаласаң сенімділік сағасын,
Тұрлаусыздың керек етпе табасын.
Заңғарлыққа табынатын жан болсаң,
Биіктіктің бағасын біл, бағасын!..

Биіктік...



* * *

Алыс қашып күндерің армандаған,
«Бар ма- дейсің,-бақытты жалғанда адам».
Теперішің «сыйласа» тағдыр өзі,
Не қыл дейсің, не дейсің, қарғам, маған?

Мәуелеген көңілдің көк терегі,
Қарашаға қасарған дөп келеді.
Қанжығаға қан-ғұмыр бөктереді,
Өткен күнге өкпелеп жоқ керегі.

Келер күннің көрдің бе, түр-тұлғасын,
Сабырыңның сағаты сыртылдасын.
...Жияр үнің жыр болсын, қарғам менің,
Қиялыңның қанаты қырқылмасын.

Кездесерін білді ме, сынақ алдан,
Асау өзен ақпастан тына қалған.
...Жабықпағын, еңсеңді биік ұста,
Сипамайды маңдайдан мына жалған.

Қайғы табы көбейіп реңіңнің,
Кеткендей ме?
Серпілші, түле бір күн.
...Жалғыз өскен қызғалдақ қырқадағы,
Нәр алып тұр, жасынан жүрегімнің...



Сырылды айтам, Сарысу...

Жарысуға болса да келте ғалам,
Сарысуға сырымды шерте барам.
Несіп етіп, табынған назым-жырға,
Есі кетіп сағынған ерке балаң.

Ұлағат қып ұрпаққа ұран күнін,
Қалықтайды көгіңде қыран бүгін.
Күзгі арманым қауласын өздеріңдей,
Қызғалдағын терейін Жыландының.

Көңіл-жүйрік, десем бе, мұны құнан,
Тұяғының сақтай гөр, сынығынан.
Жанып іштен кешкенім – арман шөлі,
Қанып ішсем Еспенің тұнығынан.

Уақыттың сескенбей найзасынан,
Ерке өзенім,
барасың қайда асыға?
Ай келбетті аққуын арманымның,
Айдыныңның қондырам айнасына.

Айырады жақсы мен жаманды кім?
Батыраштай бейдауа заман бүгін.
Тіршілікте тілей жүр, туған ауыл,
Тұмар таққан тұлпардың амандығын!..



Әке шері

Отты жылдар қаниама шаңыраққа қасірет әкелмеді десеңізші! Әкемнің әкесі Бұланбай да осынау отты жылдардың құрбаны болған. Соғыстың алғашқы жылында-ақ майданға алынып, хат-хабарсыз кеткен атамды әкем жиі еске алатын-ды.

Маңдайынан ешкім сипамаған, жетім өскен шерлі әкем-ай!.. Жетпістен асқанша әкесін аңсаумен әкем де дүниеден өтті.

Соғыс жалмап «Ұлы Отанның» бар елін,
Бал базарлы балалықтан шеттегем.
...Сен майданға аттанғанда бала едім,
Жасы онға жетпеген!

Бұл тағдырдың деменіздер – сыны кем,
Күнім қайда,
менсінбейтін сары май?
Өзінді ойлап өкситінмін түнімен,
Бүтін бешпет, ішер асқа жарымай.

Бала едім ғой, бабалардан бата алған,
«Бақыт» деген оралсаңшы, жыл құсы!
...Танауым да кеппей тұрып атанғам,
Он жастағы жылқышы!

Жоқшылықтан сан езіліп жатты еңсе,
Әйтсе-дағы жүректерде жанады от.
Әкесінен бір баланың хат келсе –
Саналатын ең бақытты бала боп.

Хат келсе ғой, әке, сенен бір ғана,
Саған деген сағынышым нұрлы ерен.
Ауылдағы мен едім ғой бір бала –
Бақыттылар тізіміне кірмеген.

Жүргенімде жүзімді әр кез мұң шала,
«Үміт отын өшірмегін», - дейді анам.
О, тағдырым, сараң ба едің мұншама,
Жалғыз бақыт – жалғыз хатты қимаған?!

Кім түзейді қу тірліктің қатесін,
Шаттығыңды ащы жаспен шылаған?
Жеңіс күні келмегенде әкешім,
Жер тепкілеп жылағам!

P.S.

Жетпістемін, көрдім әлем жарығын,
Ақ жүректер жан сырымды ұғар тек.
...Хат келсе үйге елендеймін әлі күн –
Сенің хатың шығар деп...

Ғаныш тебіренісі

Ақпанның ақ ықпа аязы түтеп тұрған күндердің бірінде Қарсақбайға жедел шақырылды. Бір пәлеге ұшырағанымызды жүрек сезеді, күдік көп. Қанекеннің қабағы қатқылдау.

- Несіне жасырайық, ағайындар, жағдай қиын! – деп бастады сөзін. Биылғы барлауға босатқан қаржыны Бас басқарма бермейтін болды. Қысқасы, Жезқазған барлауын доғаруға бұйрық келді...

Біз арлы-берлі шуласа жөнелдік. Ақыры, Қаныштың өзіне жабыстық.

- Не білгенің бар, жарқыным? Өзің жол көрсетпесең, бізден не ақыл сұрайсың?

- Түптің түбінде шындық жеңеді. Өз басым Жезқазғанды тастап ешқайда кетпеймін, жер асты қазынасын ақырына дейін ақтарамын! – деп сабазың ағынан жарылды.

- Маған сенгендер ешқайда да кетпеңдер, біраз күнге шыдаңдар. Бұрынғыдай қолыңа алар қаражат та бола қоймас. Осыған шыдағандарың өле-өлгенше менімен біргесіңдер. Ал кетемін дегенге ешқандай өкпе жоқ, реніш те айтпаймын, - деді Қанекен. Түнімен ойланып, ақырында Қанекенді қиып кете алмасымды ұқтым. Соны айтайын деп үйіне барсам, жол жүрмек болып жатыр екен. «Қанеке, не көрсек те қасыңда болуға бекіндім! Алыс жолға осы

тілегімді арқалап аттанғайсың!» дегенімде, мінезін жасыруды білмейтін Қанекен құшақтай алды. Бетіне қарасам, көзінен аққан жасы омырауына тамшылап тұр екен. Шыдау қайда, менің де жүйкем босап кетті...

(Қарт бұрғылаушы
Мырзабек Тұңғышбаевтың естелігінен)

Демеймін сәтсіздікті – шағылғаным,
Шырақ боп елім үшін жағылғаным.
Мұқалған минутымда, Мырзабегім,
Жөн болды-ау, маңайымнан табылғаның!

Амал не,
алып елден аспады айбын,
Болмайды бұл бүліктен басқа қайғым.
Ант етем ар атымен, киелі өлке,
Кетпеймін.
Мен өзінді тастамаймын!

Бұл күнде шекпендіде асты баға,
Ел үшін бойдағы күш, жастық ада.
Шындықтың шыңырауын әділдікпен,
Саумалап көрсем деп ем Москвада.



Күн шығып тұрса-дағы жарлы ұғымға,
Берілген жөн болмайды зарлы мұңға.
Ақбозы адалдықтың дара шабар,
Болашақ көрсетеді барлығын да.

Елім менің!
Атады анық таңың,
Сырына бұл өлкенің қаныққамын.
Имантай би ұрпағы болғаннан соң,
Жөн болар тектілікті танытқаным!

Болғанмен қысылтаяң, бәрі де ада,
Қазынаң тау-тасыңды жарып аға,
Әлемге әйгі болар күнің жақын,
Сағымы көз арбаған сары дала!..



*Мен өмірді
сен арқылы сүйгенмін...*

*Отбасымның ұйытқысы,
асыл жарым - Салтанатқа*

Өзің барда түспес менің иінім,
Жанарыңда-жаһандағы мейірім.
Сұр тірлікке шуақ шашып тұратын,
Осы сенің пейілің-ай, пейілің!

Санасына сәуле құйған бесіктен,
Адалдықтан маған жеткен несіп пе ең?!
Қарсы аласың жаз күніндей жайраңдап,
Тау мінезді ақын кірсе есіктен.

Мұнарасын мұңнан соққан мүсінші-
Мендік сөздің шын бағасын түсінші...
Екі балаң етегіңнен тартқанда,
Бала болдым мен өзіңе...үшінші.

Ақ жүрегің –жаратқаннан сый дермін,
Іздемейін өзің барда күйден мұң.
Шаңырағымның шуақ шашқан шырағы,
Мен өмірді сен арқылы сүйгенмін.
Сен арқылы сүйгенмін...





Ұлытау



Қыраулы, шашы аппақ қариядай,
Қойнауы құт, тарихы- дариядай.
Тұлғасымен өзінің ұлылығын,
Ұлытауым тұрғандай жариялай.

Қыран құс қалықтаған аспанында,
Таутеке ойнақ салған асқарында.
Ұлытаудың ұлары сұңқылдайды,
Шыңдары мен құзының жақпарында.

Көздің жауын алатын түрлерімен,
Жазы қандай!
Құлпырған гүлдерімен.
Мың бұралып ағады өзендері,
Сылдырлап, сыңғыр қаққан үндерінен.

Қысында қуанышы өшетіндей,
Ұлытаудың қайғысы өсетіндей.
Ішін тартып ұлыған борандары,
Өкініп «әттеген-ай» десетіндей.

Қысы қатал, боранды, қарлы дәйім,
Айтатындай өткеннің зарлы жайын.
Ұлытауым қайғыға бататындай,
Ойлауменен Сандыбай, Барлыбайын.



Айбынды қабағынан қары жауған,
Ел мен жерді күзеткен ұры-жаудан.
Тұлғасы хас батырдың келбетіндей,
Айналдым, қасиетті Ұлытаудан.

Табиғаты – символы сұлулықтың,
Ұлытауым – ұраны ұлылықтың.
Тең келетін жер болмас Ұлытауға
Биік тұр барлығынан құрылықтың!

1998 жыл



Ру мен рух



«Өлі разы болмай, тірі байымас» деген атам қазақ. Осы жылы (24.08.2012.) Балталы руынан (Найман) шыққан ата-бабамыздың рухына құран бағышталып, ас берілді. Осынау игілікті істің ұйымдастырушысы болған әкемің туган інісі- Тұрсынбек қажы.

Алыс қашса ақ үмітің арайлы,
Талап жейді мына тірлік, талайды.
...Бір көк бөрі Ұлытаудың басынан,
Адамдарға аянышпен қарайды.

Ұлы дала-Ұлытаудың етегі,
Ұлы дала-қасқырлардың мекені.
Бар қасиет бабамыздан қалғаны,
Баршаға аян- ақиқат жай екені!

Тектілерге танытам деп сай қылық,
Аруағы ұстағанда айға ұлып.
Текті бабам Жәрменбайдың рухы,
Кеткен екен көк бөріге айналып.

Қасиетім қалай ғана қалғымақ,
Бабам барда- Мардан менен Арғымақ.
Ер Қаншегір, Бегіс, Сары, Құли мен
Қарашаштар - кесірліктен қарғымақ!



Талабымен танылады ер - істе,
Ел едік қой, бет бұрмаған еңіске.
...Ұрпағыңды қолда, бақсы Беркімбай,
Қара суды ағызатын теріске!..

Пейіл бұрмай ниетім мен асыма,
Жауым неге жақындайды қасыма?!
Қашқын батыр, қылышынан қан тамған,
Жай ойнатшы, жәдігөйдің басына!..

Көңіл сәні кірер ме екен күйменен?
Ит-тірліктің тұл-тулағын илегем.
Өткенімнен өксік көрем әлі күн,
Көктемімнен қай ғасырда сый көрем?!

Оң қадаммен толтырам ба олқыны,
Жарға ұрады тіршіліктің толқыны.
...Бабам рухы тіл катады күні ертең,
Оқып берем осы өлеңді сол күні!..

*Жаным, Жанна
немесе Баубектің хаты*

Баубек рухына тағзым.

Қылын қозғап жанымның,
Толқытқан-ды арлы ісін.
Ақ киесі әнімнің,
Жаным, Жанна ,бармысың?!

Ақ тілегім – тірегің,
Ұқсамайсың пендеге.
Аққулардың жүрегі
Қалай сыйған кеудеңе?!

Бабалардың даңқы-айбын,
Ұрпағыңа сыйы мың.
Ұлары боп аңсаймын,
Ұлытаудың биігін.

Ей, жұмбақ түн, үн қатқын,
Жанды қойма сызға орап.
Еске түсті қымбат күн,
Жүрегімді жүз бұрап.

Қыран көңіл қалқымай,
Мұң жапқандай жер бетін.
(Аспандағы алтын ай,
Секілді бір келбетің).

Тылсым сырын қиып бак,
Қыдырған түн-жадымда.
Жатырсың ба, ұйықтап,
Арман-қиял бағында.

Қабағым сәл сұстанды,
Дүниені шын аяп.
...Қойша қырды дұшпанды,
Өзің құйған снаряд.

Тыныштыққа ұйып түн,
Жанға жырдан сый тұнды.
Тыныш ұйықта, сүйіктім,
Мен күзетем ұйқыңды.

Жайна, көңіл көктемі,
Жастығымның желегі.
Күнді сүйіп көктегі,
Өмір сүргім келеді...





Кімге аманат...

Киелі Қарсақбай...
Сары мыстың қазанын сапырған
дәуренің шынымен өткені ме?..
Неге екенін қайдам, сен маған жүдеу
көріндің. Әлде, менің шыққыр көзім
өзімді алдап отыр ма?..
**(Қарсақбайға барған сапарымдағы
қойын дәптерімдегі жолдардан).**

Жігерінен шашыратып сан ұшқын,
Заманында туы болған намыстың.
Көз алдымда – сұрқы қашқан бір ауыл,
Қарсақбайы шын осы ма, Қаныштың?

Өткен өмір – кейінгіге ертегі,
Ащы өкініш өзегімді өртеді.
Қайдан ұқсын, нұрлы өлкенің наласын,
Мыс қалдығын жинап жүрген еркегі.

Өнегең бар - өреліге ұнаған,
Қарсақбайым, сені соғыс «сынаған».
...Қадыр шалдың «шекпенінен» шығып ап,
Қала жақты неге аңсайды мына ағам?



Есерлерден, есі кетіп егескен,
Күлтөбе де ығыр болған кеңестен.
...Мыс кездікпен кесетұғын кіндігін,
Өмірханның өр өрені емес пе ең?

Тамырында –тарих пенен толқыныс,
Болған мекен,
қысылғанда- зор тыныс.
Иесіз қап қарауытқан мына үйлер –
Қарсақбайға таяп қалған қорқыныш.

Санамда тұр, секемді ойдың сұлбасы,
Кімге аманат- мыс зауыттың мұржасы?
... Бұл өлкені «кенсіз» деуің –
Қаныштың
Аруағына шәк келтіру – құрдасым!

Өзің едің, ырыс-бақтың ұйығы,
Киелі ауыл,
Неге тарттың бұйығы?
... Сырлы өлкенің сырын сенен сұрайын,
Қайда жүрсің, кең даланың киігі?..





Беркімбаи баба басында



Қара суды кері ағызған әйгілі Беркімбаи әулиені (Балталы руынан шыққан) бүгінде біреу біліп, біреу біле бермейді. Бабамыздың сүйегі қасиетті Ұлытау жерінде жатыр.

Өлең-жырдан өшпейтін жасын ала,
Келдім, саған,
Киелі, жасыл дала.
Сәлем бердім, тәкаппар тарлан таулар,
Сәлем бердім, әулие, асыл баба!..

Өкініш бар, өткен күн өзегінде,
(Өкінішін өзімше сеземін де).
Айтарыңды айтып қал, асыл баба,
Айтарымды мен де айтам кезегімде.

Сұрқай күннің кім білер сайдағы әнін,
(Пендеміз ғой, білер тек пайда қамын).
...Беймәлім-ау бүгінде есімің де,
Жылан тілін жүз жылға байлағаның...

Қарлы-шыңдар – қонысы қырандардың,
Биіктерден бүгінде сыр аңдар кім?..
...Кім байлайды, бабашым, айтшы қане,
Айыр тілін адами жыландардың...



Қара, мейлің, көзіңді сал қырағы,
Бұлдыр-күннің көрінбес бал-құрағы.
...Өрттен бе екен, өкініш, дерттен бе екен,
Жаз күнінде жүрегім қалтырады...





Ұлттық Жыры

Үш жүздің басын қосқан ұлт ұясы-
Ұлытауға Елбасымыздың бастамасымен
ескерткіш-тақта қойылды. Осынау шадыман-
шаттықтың арты ұлан-асыр тойға ұласты.
Ұлылығыңды ұрпаққа аманат ет, қасиетті
Ұлытауым!..

Шалқар-көңіл шаттанбай тұра ала ма?
Сыр-сымбатың көл-көсір сыбаға да.
Құтты болсын, қуаныш, Ұлытауым,
Бақ кетпеген басынан мына дала!..

Бір өзіңе аударды назарын күн,
ай сұқтанды.
Бұл күнді жазамын мың.
Ескерткішің баурыңнан орын тапқан –
Сенімі ғой өзіңе- қазағыңның!

Шаттық-жырдың нөсерін төккен едім,
Көңілімнен оза алмас көк дөненің.
... Бауырыңнан бақ тапты, байыз тапты,
Қаратаудың басынан көшкен елің.



Тектіліктің қашаннан талмас әні,
Тарихты айтсаң – айтарың таңға асады.
Сұлулығың гүл-баққа теңеседі,
Ұлылығың ұрпаққа жалғасады.

Пейіл бұрмай шуақты шұғылаға,
Зауал төккен замана құбыла ма?..
...Ұлылығың туралы ұлы жырды,
Ұлып айтты көк бөрі құбылаға...



Сақ пен сөр

Сол кісінің ашына айтқан әңгімесінен соң біршама уақыт ауыр ойда қалдым.

Иә, басымызға зауал келгенде ғана зар илейтінімізді жасырып бола ма? Ащы да болса – шындық осы.

Кейуана әңгімесінен кейін жазған өлеңім еді бұл. Бұл өлең, Кейуана, сіздің көңіліңіздегі шерге, мұңға серіктес екенімнің айғағы болсын.

Ит-кәрілік меңдеп-ақ алды бүгін,
Аузымды ашсам шығады зарлы мұңым.
Тыңда мені, қарағым, болатын-ды,
Сұрап алған құдайдан жалғыз ұлым.

Жесір қал деп бір құдай желкелеп пе,
Көз жұмған-ды әкесі ертеректе.
...Ауыр еді мінезі әкесіндей,
Енді ойласам – көрмепті-ау еркелеп те.

Дәруі жоқ дүние-ай, жарасы – мың,
Жылап келіп айтпаушы ед нала-сырын.
Мектепті үздік бітірді, түсті оқуға –
Қу жалғызым – көзімнің қарашығы.

Ауылы алыс деуші едім нала-күйдің,
Ақ арманы секілді ед дала-шүйгін.
Ұл – оқуда, ай сайын ақша салдым,
Күзетшісі мен болдым қараша үйдің.

Айналаға жүруші ем күліп қарай,
(Шалқар-шаттық, бізді де ұмытпағай!)
...Ойлаушы едім, жалғыз ұл аман болса –
Әкелер, - деп келінді жұмыртқадай!..

Тойға соям шалымның құла атын да,
Билеймін бір, бар оған қуатым да.
Оңды-солды шашамын жиғанымды,
...Сөйтсем ес жоқ екен-ау бұ қатында!

Балам келді, бір күні балам келді,
Жүзі мұңды,
сездім мен алаңды енді.
- Жалғызым-ау, айтсаңшы жай-күйіңді,
Айтшы жылдам, жылатпай анаңды енді!

- Айтамын!
Неге ғана кесапат үйір маған,
Ем іздеумен көп жерді шиырлағам.
...Анашым-ау, жалғзың – шырағыңа
Әке болу бақыты бұйырмаған!



Көктемеймін, мен болам тұл – ағашың,
Бұл сөзімнің ақиқат- ұнамасы.
Мені жұтар (күрсінді) мына бір дерт –
Байқоңырдың сыйлаған «сыбағасы!»

Осылай деп кетті үйден, тұра қашты,
«Неге» - дейсің, маған сол сұрақ – ащы.
...Жеті атадан тереңге тамыр жайған
Бұл Байқоңыр құлатты бір ағашты.

Қу қасірет осылай қайтып ұрды,
Солай, қалқам, көрмедім қайтып ұлды.
...Бақтарыңды Байқоңыр байламасын
- Ана атынан қалайын айтып үлгі!..



Қазақ елі-қасиеттің ордасы

*Сәтбаев қаласындағы №19 орта мектебі
(мектеп басшысы Б.А.Жандарбекова)
Ы.Алтынсарин есімін алғанда*

Асаудайын басылмайтын арыны,
Азат елміз,
алға асыққан дарыны.
...Қасқа маңдай қазақ ұлы аспандап,
Ақ түйенің жарылған күн қарыны.

Қыран сынды,
Қос қанатын қомдасып,
Қыдыр болған әуел бастан жолдасы.
Мақтанышы – Абай, Шоқан, Ыбырай,
Қазақ елі – қасиеттің ордасы.

Өнер-білім барша жұртқа дарытқан,
Ыбырай -деп, айтады әлі халық та ән.
Қазағының жеңілдеткен азабын,
Айналайын, Алатаудай алыптан.

Бар қазақтың мақтанышы, ұраны,
Ұрпағының жүректегі жыр-әні.
Алтынсарин атын алған бұл күні,
Қалықтады қуаныштың қыраны!..
Қуаныштың қыраны...





Шәғәлә Жыр - Шынболат

Ш. Ділдебаевтың
рухына тағзым.



Қыраным-ай, гүл болған қонар бағы,
Ұраным-ай, жыр болған мол арманы.
Адал асы арам боп аққулы елдің,
Шағаласы шындықтың оралмады.

Ақ киелі арманды жалғар алға,
Аққулы айдын түбінде ар қалар ма?
Шағаласыз шерменде мынау өлке,
Құтты мекен болып тұр қарғаларға.

Өткелдерім, айдыным – сұрқы қашқан,
Жеткен жерім – қайғының бұлты басқан.
Сұлу жырдың «жеңгесі» қасқыр – уақыт,
Ұлу -жылдың пердесін жыртып ашқан.

Ағып түскен ақ жұлдыз, таңға жақын,
Алау гүл боп Арқада жанған ақын.
Ақиқатты айтпаса арланатын,
Тұлпар - тұяқ,
қайдасың, тарлан ақын?!

Сорға жығып сәуегей сайтаныңды,
Құранды ерге қыран ұл қайта мінді.
... Қайта алмасым ақиқат қара жолдан,
Айта алам ба, ағажан, айтарымды?..



Бауыржан портретінің алдында

Аға, саған білмеймін не айтарымды...
Мұқағали.

Өзің – мені ұлылыққа бастаған,
Сен жайлы айтты дала – дастан, аспан - ән.
Сөздеріне, тіліп түсер, табынып,
Көздеріңе тік қараудан жасқанам.

Тірлігінде-ақ аңыз болдың халқыңа,
Дақ түсірмей кеткен ерсің даңқыңа.
Алыстаса – кететұғын асқақтап,
Биіктікті тау үйретті, бәлкім, ә?!

Жаксылыққа бауыр болып жараған,
Атыңыздан айналайын, нар ағам!
Пейіліңнің, мейіріңнің кеңдігі,
Дарығандай мына дархан даладан.

Биік ұстап тіл-дініңді ең ізгі,
Тұншықтырдың жалған мақтау, лебізді.
Тереңдігің-кемелдігің елде жоқ,
Тартуы деп түсінемін теңіздің.

Жалған сөйлеп жыр жазамын несіне,
Бақыт келсе – келсін, мейлі, кешіге.
Кесірліктің тіліп түскен кебінін,
Намыс саған – найзағайдан несібе!



...Тектілікті ұқтырса да текті өлең,
Қу тірліктің құлқынына кептелем.
Ұсақталған ұрпағыңа не дейсің,
- Отставить!
Қаһарлы үнің жетпеген...

Сырлы әлемге ала қашса сәйгүлік,
Танытайын, текті ұланға сай қылық.
... Жанарыңның жарқылынан қалғандай,
Пенделігім паңдығынан айрылып.
Бұға берді қаймығып...



Сары жоқ қаңтар

Қара сөзден қоя ма, құмар қана,
Мұнарасы мұнымның мұнарта ма?
...Сары аязы сақылдап қысқанменен,
Қар жауған жоқ әлі күн бұл Арқаға.

Табиғаттың қалмап ем қарғысына,
Тілеуімді сан айтқам таң құсына.
...Шаң бораған даладан келген балам,
Күрсінеді,
бір қарап шаңғысына...

Жұбата ма жанымды таң самалы,
Ауа берер ақ түске аңсар әлі.
...Тұлпар атын жаратқан тұлыпты аңшы,
Қамығады.
Аңсайды қансонарды.

О, қаңтар!
Ақ түстердің тұмары едің,
Тауыспағын төзімін мынау елдің.
...Аңтарылып аспанға көп қараумен,
Жанарымды жас толы жұма бердім...

04.01.2010.



Сәлем айт, туған жеріме...

- Ата, мына қаздарды атайықшы, -
деді Төлеутай қуанып, -
Атшы анау алдында жүрген үлкенін.
- Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға
болмайды, - деді қарт басын шайқап.
- Бұлар да жолаушы ғой, алысқа кетіп барады.
Жолынан қалдырмайық.
- Алысқа дейсің бе? Қайда барады сонда? -
деді Төлеутай таңырқап.
- Туған жеріне кетіп барады...

Қ.Жұмаділов
«Қаздар қайтып барады».

Төлеутай бала, тыңдағын мені,
Құлағың салғын сөзіме.
Туған жер – алтын құндағым еді,
Түстім-ау тағдыр тезіне.

Атаңа сенің жан қайғы, бәлкім,
Боздаған жетім ботамын.
Құс екеш құс та аңсайды әр күн,
Өзінің туған Отанын.

Жаныма тиді жалғанның оғы,
Жазмыштан озмыш озған ба?
«Адамның басы – Алланың добы»

Десем де медет жоқ жанға.
Сағыныш – көрпе жамылса байқар,
Әр адам құнын жақұттың.
Жеріне туған сағынса қайтар,
Бұл қаздар неткен бақытты?!

Өзімше айтам, ұлғайып, жолды,
Секілденіп бір таз қарға.
Қош делік енді, бұлғайық қолды,
Сәт сапар тілеп қаздарға.

Лағынет, тағдыр желіне, қуған,
Біл, іште қайғы, наз барын.
Еліме думан, жеріме туған,
Айта бар сәлем, қаздарым!..





АВТОРДАН

“Мұңайма, менің аққуым..” атты жыр жинағымның жарық көруіне қол ұшын беріп, өнерге жанашырлық танытқан Сәтбаев қалалық білім бөлімінің басшысы **Шынар Қаппасқызы Жанасыловаға** шексіз алғысымды айтамын.

Өлең-өнердің бағасын білген **Шынар Қаппасқызы**, сізге Алланың рахман-нұры жаусын!..



Мазмұны

Бірінші бөлім

Жұйылып көктем рахман-нұр..

Ғ.Ештанаев «Бір ақын жүр...»	3
Обалын ойлап өлеңнің... ..	8
Күрсінеді, күрең түсті көлеңкем... ..	9
Неге келдім өмірге... ..	11
«Құсайын деймін...»	13
Қара қағаз	14
Қара өлеңім, құлдығым... ..	16
Қыран құс, саған қайранмын... ..	17
Жапырақ-жүрек	18
Биігім менің-Бейімбет	19
«Пенделігім-бер жағым...»	22
Мұңайма, менің аққуым... ..	23
Мұратым бар	24
Өткелсіз өзен	25
Судья (баллада)	26
Сері көңіл	30
Ғарыш жақты аңсадым... ..	31
Алаңда	32
Түн сыры	33
Елім деп өткен үш Алып	34
Көктемді сағындым	36
Өксік өлең	37
Жүрегім менің-Жанартау	38



Абайға арыз	39
Махамбеттің түсі	41
«Жеме-жемге келгенде...»	42
Кебін мен кебенек	43
Мұндарым бар... ..	45
Өртеңге біткен қарағай	46
Мұндаспыз... ..	48
Күрең күз	50
Сәкен ескерткішінің алдында	51
Мөлдір мұн	53

Екінші бөлім

Тілегі-сенің, текті елім...

Сағынышым-ұлар құс	56
Өмірхан көшесіндегі ой	57
Айналайын, алашым!.. ..	59
Қара өлең келген күні бәйгеден... ..	62
Өксік немесе	
Сәкеннің ұлы Аянның зары	64
Биіктіктің өлшемі	66
«Алыс қашып	
күндерің армандаған...»	62
Сырымды айтам, Сарысу... ..	68
Әке шері	70
Қаныш тебіренісі.....	72
Мен өмірді сен арқылы сүйгенмін... ..	75
Ұлытау	76
Ру мен рух	78
Жаным, Жанна... ..	80



Кімге аманат... ..	82
Беркімбай баба басында	84
Шаттық жыры	86
Бақ пен сор	88
Қазақ елі-қасиеттің ордасы	91
Шағала жыр-Шынболат	92
Бауыржан портреті алдында	93
Қары жоқ қаңтар	95
Сәлем айт, туған жеріме... ..	96





Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ

*Муңайма,
менің аққуым...*

Жыр жинағы

Техникалық редакторы -
Самат Сағындықұлы Арыстанов
Басуға қол қойылды 17.10.2012 ж.

Мелованды қағаз.
Көлемі 6,5 баспа табак.
Тапсырыз № 542.
Таралымы 500 дана.

Жинақ «АРКО» ЖШС баспаханасында басылған,
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.